

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Зейін қою - жетістікке жетудің басты жолыЖАРИЯЛАНДЫ
08.05.2026СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/188556/>**Минаева Гүлсім Фариполлақызы**

Ақтөбе қаласы

№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі психологы

Қазіргі таңда оқушылардың білім алуы мен жан-жақты дамуы үшін зейін қоя білу өте маңызды. Зейін - адамның белгілі бір іске назарын аударып, оны мұқият орындауы. Сабақ барысында зейінді болу оқушының білімді жақсы меңгеруіне, тапсырмаларды дұрыс орындауына және уақытты тиімді пайдалануына көмектеседі. Сондықтан зейін қою - әрбір оқушы үшін жетістікке бастайтын басты қасиеттердің бірі.

Мектеп өмірінде зейіннің маңызы ерекше. Сабақ кезінде мұғалімнің түсіндіргенін мұқият тыңдаған оқушы жаңа тақырыпты тез қабылдайды. Ал зейіні тұрақсыз оқушы сабақтан қалып қоюы мүмкін. Әсіресе қазіргі технология дамыған заманда телефон, әлеуметтік желі және түрлі ойындар оқушылардың назарын жиі бөледі. Сол себепті оқушылар өз уақытын дұрыс жоспарлап, сабақ оқу кезінде артық нәрселерге алаңдамауды үйренуі қажет.

Зейін қою тек оқу үлгеріміне ғана емес, оқушының тәртібі мен жауапкершілігіне де әсер етеді. Зейінді оқушы берілген тапсырманы ұқыпты орындайды, қателікті аз жібереді және өз мақсатына сенімді түрде ұмтылады. Сонымен қатар мұндай оқушылар түрлі жарыстар мен олимпиадаларда жақсы нәтиже көрсетеді.

Зейінді дамыту үшін күн тәртібін сақтау маңызды. Уақытында ұйықтап, дұрыс демалу, кітап оқу және спортпен айналысу адамның ойлау қабілетін жақсартады. Сондай-ақ сабақ оқу кезінде тыныш орта қалыптастырып, жоспармен жұмыс істеу де зейінді арттырады.

Қорытындылай келе, зейін қою - табысты білім алудың негізі. Зейінді оқушы әрқашан алға ұмтылып, өз мақсатына жете алады. Сондықтан әрбір оқушы бойында зейінділік қасиетін қалыптастырып, оны күнделікті өмірде дамытып отыруы керек.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.